

<sup>1</sup>Богабаева Ә.Е., <sup>2</sup>Бектурсунова А.К., <sup>2</sup>Богабаев Н.Е.

<sup>1</sup>педагогика ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕуразияҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup>аға оқытушы, докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>PhD докторы, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

\*Автор корреспондент: [Ademi\\_e76@mail.ru](mailto:Ademi_e76@mail.ru)

**Түйін:** Мақалада ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың маңыздылығы туралы айтылады. Бұл ретте осы жұмыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үлкен мән беріледі. Тура ғылымдарда әр есепті шығарудың нақты формулалары бар, елі мен туған жерін сүйетін «парриот тұлғаны» тәрбиелеудің де формуласын жуықтап жасауға болады. Осы тәрбие формуласын айтқанда, Абай атамның нақыл сөзін өзек еткенді жөн көрдік: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» деп адамның қалыптасуына ықпал ететін үш фактордың ішіндегі тәрбие мен қоршаған ортаның маңыздылығына баса тоқталады. Ал «парриот тұлғаны» тәрбиелеудің формуласы: «тәрбие, қоршаған орта және баланың шыққан тегі (тұқым қуалаушылық)» болмақ. Демек, баланың тәрбиесі мен оның қоршаған ортасына баса назар аудару өте маңызды. Бұл тәрбие үдерісі отбасынан басталады. Баланы отбасында туылған күннен бастап, ана тілінде сөйлету өте өзекті. Адам қай тілде сөйлейді, ол сол тілде ойлайды, ұғады және де осы тілдің саналы түрде жанашырына айналады. Ана тілінде сөйлей отырып, біздің қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын біртіндеп бойына сіңіреді.

Мақалада жоғары оқу орындарындағы ұлттық тәрбиені рухани жаңғыртудың бірнеше бағыттары қарастырылады, олар: тәрбиелік іс-шаралар, ғылыми жұмыстар, мақалалар мен жобалар.

**Кілт сөздер:** ұлттық тәрбие, қоғамдық сананы жаңғырту, білім беру жүйесі, құндылықтар, жоғары оқу орны, тарих, тәрбиелік іс-шаралар, ғылыми жұмыстар.

### Кіріспе.

Қазіргі кезде қазақ халқы үшін ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың маңызы өте зор. Себебі, жаһандану заманында көп ұлт өкілдері өз тарихына, салт-дәстүріне, туған тіліне, құндылықтарына т.б. аса мән бермейді. Тіптен, жер бетінде бірнеше тілдердің қолданысы кеміп, ұмыт болды. Тарихтан белгілі, тілін жоғалтқан ұлттың өзінде бірте-бірте жоғалатындығы. Осындай жаһандану кезеңінде Бірінші Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы өте өзекті. Бұл мақала – ел дамуының жарқын мақсаты мен нақты жоспарын көрсететін маңызды құжат. Мақалада сананы рухани жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, ұлттық құндылықтарды әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу жөнінде нақты мәселелерді көтереді. Қазіргі таңда мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасына айналды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде кезеңдерге бөлініп жүзеге асырылуда.

### Теориялық талдау.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы стратегиялық және ұзақ мерзімді сипатқа ие мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы негізгі идеологиялық құжат болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының миссиясы: болашаққа ұмтылған бір ұлттың қалыптасуына бағытталған қоғамдық сананы жаңғырту.

Бағдарлама адам санасын жаңғыртудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік
2. Прагматизм
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
6. Сананың ашықтығы.

Алты бағыттың бәріде өзекті және уақыт талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болып дамуымыз үшін, елімізге ұлттық құндылықтарды игерген адамдар көп болуы шарт. Ол туралы: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп ашып көрсетеді [1].

Бұл бағдарламаны елімізде жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігінің «Рухани жаңғыру» Департаменті тікелей айналысады. Бағдарлама аясында ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, оны өсіп келе жатқан ұрпақтарға таныта отырып, бойына сіңіретін бірнеше құнды жобалар жүзеге асырылуда, олар: 100 жаңа оқулық; Туған жер; Қазақстанның рухани қасиетті орындары. Қазақстанның сакралдық географиясы; Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет; Қазақстанның 100 жаңа есімі; Латын әліпбиіне көшу; Ауыл - Ел бесігі; т.б.

### **Тәжірибелік бөлім**

Ұлттық тәрбиені жоғары оқу орындарында рухани жаңғыртудың бірнеше жолдары бар. Ұлттық тәрбие бағытында да біз қызмет атқаратын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде бірнеше тәрбиелік іс-шаралар, ғылыми жұмыстар, мақалалар мен жобалар ұсынылып, қорғалуда.

Қазақ халқы табиғатынан өте мейірбан халық, әрқашанда үлкенге құрмет, жасы кішіге ізет көрсеткен, еліміздің тарихында жетімін қолдап, жылатпаған ел болдық. Осы бағытта келесідей қамқорлық пен мейірбандылыққа бағытталған іс-шараларды студенттер арасында жиі ұйымдастырып, өткізіп отырамыз. Мәселен, *тәрбиелік іс-шаралар* бойынша келесідей жұмыстар орындалды. Біз оқытушылар студенттермен жүйелі түрде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шарапат әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қайырымдылық концертін барамыз. Бұл жерде қызмет атқаратын қызметкерлер мен қарттар мен мүгедектерге концерт тамашалап, олар студенттерге ризашылығын білдіріп, алғысын айтады. Студенттерде бұл іс-шарадан үлкен әсер алады. Студенттердің көпшілігі, әсіресе, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар «болашақ мамандығымды дұрыс таңдаппын» деп мақтаныш сезімдерін білдіреді. Студенттерді осындай қайырымдылық іс-шараларға қатыстыру арқылы олардың бойында адамгершілік, қайырымдылық, ізеттілік және ізгілік қасиеттерін дамыта аламыз.

Біздің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының студенттері осы өткізілген іс-шаралардан кейін, жоғарыда аты аталған мекемелерде әлеуметтік-педагогикалық практикадан өтеді және еріктілер ретінде ем алушы балалар мен қарттарға көмек беруге барып тұрады.

Біз эдвайзерлік тобымыздағы студенттермен мұражайларға («Алжир» мемориалды-мұражай кешені, Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің Әскери-тарихи мұражайы т.б.) жиі барып, кураторлық сағаттар өткіземіз, соның бірі «Алаш партиясы» атты кураторлық сабақ

болатын. Осы кураторлық сабақ аясында Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік-педагогикалық идеялары мен ғылыми-танымдық көзқарастарына ықпал еткен саяси әлеуметтік жағдайлар туралы мәселелер талданды. XX ғасырдың басында жарқырап көрінген қазақ халқының кемеңгер ұлдары, яғни Алаш қайраткерлері – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, А.Абылаев, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Арғыншиев, Н.Арғыншиев, Ә.Арыстанов, т.б. қалдырған еңбектері айтылды. Бұл тақырыптарды жан-жақты талдау арқылы студенттерді патриотизмге, адамгершілікке және бірлікке тәрбиелеуге болады.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әкімшілігі жылда куратор оқытушылар арасында «Үздік куратор» атты байқауды дәстүрлі түрде өткізеді. Әрбір факультеттен байқауға бір не екі куратордан қатысады. Біздің «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінен 2019 және 2021 жылдары Ботабаева Ә.Е. (мен) қатыстым. Бұл байқау барысында (2019 жылы) кураторлық ӘПӨ 21 және ӘПӨ 23 топтарыма «Мен жастарға сенемін» атты кураторлық сағат өткіздім. Бұл ашық кураторлық сағат ұйымдасқан түрде, жоғары деңгейде өтті. Бұл тақырып аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаттары және осыған орай елімізде атқарылып отырған жұмыстар мен жобалар туралы мәселелер қозғалды. «Үздік куратор» атты байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаз атандым.

Біздің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедралық «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, үнемі кураторлық сағаттар өтізіліп, ол туралы мәліметтер сайтқа жүктеледі. Соның бірі ретінде, п.ғ.к., доцент м.а. Ә.Е.Ботабаеваның жетекшілігімен ӘПӨ 41, ӘПӨ 43 топтарында «Ұлт педагогы - Ахмет Байтұрсынұлы» атты тақырыпта ашық кураторлық сағат (20.11.2020 жыл) өткізілді. Кураторлық сабаққа ZOOM конференция алаңы таңдалды. Оның мақсаты: А.Байтұрсынұлының қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы ретінде, саясат жолындағы қажымаған қайраты, әдебиеттегі орыны, өлеңдері, тарих ұмытпайтын істерін студент жастарға үлгі ету.

Кафедра оқытушылары п.ғ.к., доцент Муталиева А.Ш. мен п.ғ.к., аға куратор С.К. Ахтанованың жетекшілігімен «Тәуелсіздіктің 7 қыры» атты деректі фильмдер топтамасына кураторлық сағат (13.11.2020 жылы) өткізілді. Жұмыс үшін Microsoft Teams платформасы таңдалды. Іс-шараның мақсаты: Студенттерге өзге елдер үшін бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың үлгісі болған этносаралық бірлік пен конфессияаралық келісімнің бірегей қазақстандық үлгісін айқындау.

Университетіміздің «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті деңгейінде еліміздің тәуелсіздігін алуына 30 жылдығына орай, факультет ішінде байқау өткізілді. Осы байқауда п.ғ.к., доцент м.а. Ә.Е.Ботабаеваның (менің) жетекшілігімен ӘПӨ 41, ӘПӨ 43 топтарында «Тәуелсіздік – тұғырым!» тақырыбында ашық кураторлық сағат (24.02.2021 жылы) өткізілді. Кураторлық сағаттың мақсаты: Студенттерге еліміздің тәуелсіздігін алуының оңайлықпен келмегендігін түсіндіру, «Мәңгілік ел» болып қалуымыз үшін қажетті он құндылықпен таныстыру. Кураторлық сағат өту барысында «Мәңгілік ел» болып қалуымыз үшін, ғұламалардың, ағартушылардың және ғалымдардың еңбектерін талдай келе, ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың он құндылығын келесідей жіктеп көрсеттік, олар:

1. Туған жер. Отанымыз.
2. Тарих.
3. Көпұлтты және көпконфессиялы қоғам.
4. Конституция мен заңдар.
5. Тіл.
6. Діл.
7. Мәдениет және өнер.
8. Салт-дәстүр және даралық.
9. Ұлтық рәміздер (ту, әнұран, елтаңба).

10. Дін.

Осы аталған құндылықтар туралы студенттер ашып әңгімелеп берді. Елімізге белгілі ақындардың өлеңдері оқылды (Мен қазақып, Мен жастарға сенемін, Үш бақытым, т.б.), Құрманғазының «Балбырауын» атты күйі ойналды. Кураторлық сабақты өту үшін Microsoft Teams платформасы таңдалды. Байқау нәтижесінде біздің топ жеңіске жеттік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отырған іс-шаралардың қомақтысы ұлы ақын Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өту болатын. Ұлыларын ұлықтаған елдің тарихы мәңгі. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевта «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялады [2]. Біздің «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасы ұжымымен және «Абай Академиясы» ғылыми зерттеу институтымен бірлескен ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы шеңберінде «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» атты тақырыпта 24-28 ақпан аралығында студенттер мен факультет оқытушылары бірлесе отырып, бірнеше тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып, өткізді.

Бұл өткізілген іс-шараның мақсаты – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ұлы Абай хикметтерінің құндылығын заманауи ұрпақ бойына сіңіру.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» ұжымының бұл іс-шараны өткізудегі мақсаттың бірі Абайды таныту арқылы, адамның өзін-өзі тануы екендігін және Адамның өзін-өзі тануы ғылымға, білімге деген қызығушылықты ояту арқылы кемел тұлға болып қалыптасуға басымдық беру болды.

Апта бойы өткен Абайдың 175 жылдық мерей тойына арналған «Ұлы Абай ұлағаты», «Бала әлеміндегі ұлы Абай», «Абай тағылымы қазақтың бой тұмары» атты кураторлық сағаттар, «Абай дана» поэзиялық кеш, «Абай хикметтерінің ХХІ ғасыр жастар ойларымен үндестігі», «Толық адам» әдеби поэзиялық кеш, «Слова назидания Абая» семинар-тренинг, «Психологический портрет личности сквозь призму слова-назиданий Абая», студенттердің шығармашылық сурет көрмесі, «Ең үздік эссе» байқауы өткізілді. Студенттер ұлы Абай шығармаларының Адам деген биік атқа сай болып жүру үшін рухы, намысы жоғары болу керектігін, Абай ілімінің жастар тәрбиесіне қажеттігін осы іс-шаралар арқылы көрсете алды.

Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, ізгілікті адамгершілік туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы айтқан ой тұжырымдары бүкіл адамзат баласының рухани азығы. Сондықтан өлді деуге болама, өлмейтін мұра қалдырған Абай бабамыздың шығармалары жаңарған ХХІ ғасырдағы қазақ елінің өлмес қазынасы, болашақтың таптырмас мұрасы екендігі ақиқат.

Біздің кафедрамыздың оқытушылары Р.К.Төлеубекова, Т.С.Сламбекова «Абайдың педагогикалық дүниетанымы» атты монографияның (2020 жыл) жарыққа шығарды. Монография төрт тараудан тұрады, онда келесі тақырыптар: «Абай шығармашылығының педагогикалық негізі. Абайдың психологиялық ілімдері. Абай дүниетанымындағы тәрбие мәселелері. Абайдың «Адам бол» тәлімінің кісіліктен кемелдікке жету амалдары» қарастырылған [3].

Біздің кафедраның оқытушыларымен бірлестікте Шалғынбаева Қ.Қ. және А.Ш. Муталиевамен «Этнопедагогика» атты оқу құралының (2020 жылы) үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) жарық көрді [4, 5, 6]. Құрал ұлттық тәрбиеге байланысты мәселеге бағытталғандығымен құнды. «Этнопедагогика» атты оқу құралы 3 бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімде, этнопедагогиканың қалыптасу тарихы, әдіснамалық негіздері қарастырылады. Екінші бөлімде, этностық тәрбиенің мазмұны аясында келесі тақырыптар туралы айтылады: Этнопедагогикадағы эстетикалық тәрбие. Қазақтың ұлттық киімдері. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары. Қазақтың ұлттық ойындары және оның дене тәрбиесіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпалы. Этнопедагогикадағы патриоттық және адамгершілік тәрбие. Ақыл-ой және еңбек тәрбиесі. Отбасылық тәрбие.

Дін және имандылық тәрбие. Ал үшінші бөлімде, этнопедагогикадағы дидактиканың мәні, мазмұны, құралдары мен әдістері жөнінде мәліметтер берілген.

Біздің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрамыздың педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.К. Длимбетованың жетекшілігімен 2019 жылдан бері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ғылыми жоба іске асырылуда. Ғылыми жобаның тақырыбы: АР 05132519 - ЖОО білім беру жүйесін экологияландыру, студенттердің рухани санасын жаңғыртудың инновациялық жолы ретінде. Ғылыми жоба аясында екі рет халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен жазғы экологиялық мектеп ұйымдастырылып өткізілді. Сонымен қатар, «Экологизация образования как путь обновления духовного сознания» атты монография [7] жарық көрді. Зерттеу нысаны студенттердің рухани санасын жаңғырту арқылы кәсіптік білім беру жүйесін экологияландыру процесі болып табылады. Зерттеудің жаңалығы ЖОО-да білім беруді экологияландыру үлгісін әзірлеуден, университеттің жаңа тұжырымдамалық мазмұнының экологиялық паспортын, университеттің микро үлгісі ретінде «жасыл» үлгісін әзірлеуден тұрады. Зерттеу нәтижелері негізінде пәннің оқу әдістемелік кешені әзірленген.

Сондай-ақ, ғылыми жетекшілігімен қорғалған *дипломдық және магистрлік жұмыстар* бар, бұл еңбектердің барлығындада түйінді мәселе, ол *ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғыру* болып отыр.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Жаһандану заманында өсіп келе жатқан қазақстандық жастарға ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиемізді беру өте маңызды, оның ұмыт болып бара жатқан тұстарын заман ағымына үйлестіре отырып, рухани жаңғыртуымыз керек. Қазіргі кезде, бәсекелестікке қабілетті, білімді тұлға қалыптастырумен бірге оны өз елінің патриоты етіп тәрбиелеу өте маңызды. Мәселен, білімге құштар қазақстандық жастардың көпшілігі жалпы орта білім беретін мектеп, колледж және жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін экономикасы дамыған мемлекеттерге барып, білім алады да, оны бітіргеннен соң, сол елде қызмет атқарып, тіптен, осы елдің азаматтығын алып, елімізге қайтпай жүрген азаматтар саны көбеюде. Қазіргі кезде бұл үрдіс «ақылды мидың көшуі» депте аталады. Осылайша, ақылды және тәрбиелі азаматтарымыз шетел асып кете берсе, ұлан-ғайыр территориясы бар, дүниежүзінде жер көлемі бойынша тоғызыншы орынға ие елімізді кімдер дамытады, кім қорған болып басқарады? Демек, біз жастарымызға патриоттық тәрбиені бере алмай жатқан болармыз. Осы себептерменде еліміздің әрбір азаматтарын ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырту өте маңызды.

Ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғыруды жүзеге асырылу үшін келесі мәселелер орындалуы шарт:

1. Қазақ тарихындағы халқымыздың дархандығын жастарға, оның ішінде басқа этнос өкілдеріне тарихи деректерді алға тарта отырып, мектеп қабырғасынан бастап оқытуымыз маңызды. Сонда оларда қазақ халқының кеңдігін түсіне қарайтын көзқарастар пайда болып, өзінің ата-тегінің қайдан және қашан келгенін біліп жүреді. Бұқара ақпарат құралдары арқылы Қазақстан жеріне түрлі этнос өкілдерінің қоныстану туралы деректерді көптеп таратылу өзекті мәселе. Ол жүйелі түрде қолға алынуы шарт.

2. Жастарды «Қазақстанның нағыз патриоты» етіп тәрбиелеу үшін қазақ тілінің мәртебесін көтеру керек. Әрбір қазақстандық азамат қазақ тілін білуі шарт, яғни басқа этнос өкілі қазақ тілін білу арқылы, оның тарихын, салт-дәстүрін, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын жете түсінеді.

3. Жастарымыз шетелге барып, жоғары білім алуды іздемес үшін, жоғары оқу орынының материалдық базасын жетілдіріп және онда білім беретін оқытушылардың дамыған мемлекеттерден білімін жетілдіріп келулеріне жағдайды үздіксіз және жүйелі түрде жасалуы міндетті.

4. Жастарымызды ұлттық тәрбие негізінде отбасылық өмірге даярлау мақсатында, жақсы қасиеттерді ұл-қыздарымыздың бойына қалыптастыру керек, ол үшін келесідей іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілсе:

- бала тәрбиесі өрескел болса, онда оның мінез-құлқына орай тыйым сөздер айтып, ескертулер айтып отырған жөн;

- бұқара ақпарат құралдары мен ғаламторлардан берілетін ақпараттарды қатаң бақылаудан өткізу қажет. Себебі, бала кез келген жағымсыз ақпаратты бір көргенде таңдана, әрі үреймен қабылдаса, кейіннен мұндай ақпаратқа көзі, аз уақыттан кейін бойы үйреніп, бұл жағымсыз қасиеттерді бойына сіңіргенін өзі де байқамай қалады;

- ұлттық болмысымызды насихаттайтын бағдарламалар телеарналардан көп берілсе;

- өсіп келе жатқан ұл-қыздарымызға үлгі болатындай, қазақ халқының мерейін көтеріп жүрген қыз-келіншектер мен азаматтар туралы бұқара ақпарат құралдарынан көп таратылса;

- біздің халқымыз өте еліктегіш, сондықтан киім киюде де шетелдік киім үлгілеріне еліктеп «ашық киінген сайын өздерін сәнді болып көрінемін» дегендей теріс пікір қалыптасады. Бұл жағдай орын алмас үшін, ұлттық нақышта тігілген киім үлгілерін бұқара ақпарат құралдары арқылы жүйелі түрде жариялап отырса;

- білім беру орындарында ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлерімізді дәріптейтін іс-шаралар жиі ұйымдастырылып, өткізілсе;

- қазақ ұл-қыздарын, жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ сыныптарына оқуға берсе, себебі, ана тілінде білім ала отырып, бала бойына халқымызға тән қасиеттерді (имандылықты, мейірімділікті, т.б.) қалыптастыра аламыз;

- ұлттық тәрбиеміз негізінде отбасылық өмірге даярлайтын курстар ашылса және жастарымыз отбасын құрар алдында, осы курстарда дәріс алу міндеттелсе, ол болашақта жастар арасында ажырасу көрсеткішінің төмендеуіне ықпал етер еді.

5. Математика ғылымында әр есепті шығарудың формуласы бар, елі мен туған жерін сүйетін «парият тұлғаны» тәрбиелеудің де формуласын жуықтап жасауға болады. Осы тәрбие формуласын айтқанда, Абай атамның нақыл сөзін өзек еткенді жөн көрдік: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» деп адамның қалыптасуына ықпал ететін үш фактордың ішіндегі тәрбие мен қоршаған ортаның маңыздылығына баса тоқталады. Ал «парият тұлғаны» тәрбиелеудің формуласы: «тәрбие, қоршаған орта және баланың шыққан тегі (тұқым қуалаушылық)» болмақ. Демек, баланың тәрбиесі мен оның қоршаған ортасына баса назар аудару өте маңызды. Бұл тәрбие үдерісі отбасынан басталады. Баланы отбасында туылған күннен бастап, ана тілінде сөйлету өте өзекті. Адам қай тілде сөйлейді, ол сол тілде ойлайды, ұғады және де осы тілдің саналы түрде жанашырына айналады. Ана тілінде сөйлей отырып, біздің қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын біртіндеп бойына сіңіреді. Қазақ халқында адамның дүниеге келуінен бастап, қайтыс болғанға дейінгі өмірі салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыста өтеді, яғни әрбір жаңалыққа, жақсылыққа және жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты қазақ халқы жиылыстар өткізіп отырған. Ол салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар келесідей ретпен жүреді: құрсақ той, шілдехана той, бесік той, айттыру, құда түсу, күйеу жігіттің қызға ұрын келуі, қыз ұзату, ұзатуда қыздың сыңсу айтуы, келін түсіру және оның елмен таныстырып бетін ашуы, үйлену тойы. Осы той кезінде өткізілетін ойын-сауықтық ойындар: алтыбақан, ақсүйек, айтыс, бәйге, көкпар, т.б. Жақсы жаңалықтар болғанда, туған туыстар бірі-бірінен сүйінші сұраған.

Қазақ халқында өлікті жөнелтуге байланысты да салт-дәстүрлер қалыптасқан: жоқтау айту, өлікті ауыл-аймақ болып жөнелту, көңіл айту, кісі өлген үйге тамақ әкеп ішкізу, жетісін, қырқын және жылын өткізу. Осы қаралы үйге туған-туыстары, жолдастары азаға қосқаным деп ат, інген, сияқты малдарды, жамбы, тайтұяқ сияқты асыл заттарды тарту еткен. Осындай салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарымызды өсіп келе жатқан балаларға айтып, реті келгенде, тұрмысымызда қолданып және оның мағынасын түсіндіріп отыруымыз керек[8].

Осы жоғарыда айтылған кемшіліктер жойылып, жасалуы қажет іс-шаралар жүзеге асса, онда Қазақстанның «Мәңгілік ел» болып әлемде өз орнымызды табатынымызға сеніміміз мол болады.

### **Қорытынды.**

Осы жоғарыда айтылған кемшіліктер жойылып, жасалуы қажет іс-шаралар жүзеге асса, онда Қазақстанның «Мәңгілік ел» болып әлемде өз орнымызды табатынымызға сеніміміз мол болады. Әрбір қазақ күнделікті өмірімізде бір-бірімізбен ана тілімізде сөйлесу арқылы да, басқа этнос өкілдерін біздің тілді үйренуге баули аламыз. «Мәңгілік ел» болып, бәсекелестікке қабілетті мемлекет ретінде қалыптасуымыз үшін, әрбіріміз білімді, бәсекелестікке қабілетті және ұлттық рухы биік тұлға болуымыз шарт. Осы назарларыңызға ұсынылып отырған монография және басқада ұлттық бағытта жазылған бағдарламалар мен еңбектерді негізге ала отырып, әрбір қазақстандық тұлға ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғыруды өзінен бастағаны абзал.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Бірінші Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. <http://www.akorda.kz>.

2 Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевта «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 9.01.2020 ж. интернеттен

ЗР.К. Төлеубекова, Е.Ө. Жұматаева, Т.С. Сламбекова. Абайдың педагогикалық дүниетанымы. Монография. Нұр-Сұлтан, 2020. 332 б.

4Ә.Е.Ботабаева, Қ.Қ.Шалғынбаева, А.Ш.Муталиева.Этнопедагогика. Оқу құрал. Алматы, 2020. 192 б.

5 Ә.Е.Ботабаева, К.К.Шалғынбаева, А.Ш.Муталиева.Этнопедагогика. Учебное пособие. Алматы, 2020. 200 с.

6 А. Botabayeva, K.Shalgynbayeva, A.Mutalievа.Ethnopedagogy. Textbook. Almaty, 2020. 180 p.

7 Длимбетова Г.К.Экологизация образования как путь обновления духовного сознания. Астана: Евразийский университет, 2019. 240 с.

8 Ботабаева Ә.Е. Ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғыру: монография. Алматы: New book, 2021.179 б.

**Аннотация:** В статье рассказывается о важности духовного возрождения на основе национального воспитания. При этом в данной работе большое значение придается программе «Рухани жаңғыру». Если в точных науках есть конкретные формулы для решения каждой задачи, то для воспитания «парриотической личности», любящей свою страну и родную землю также можно сделать приблизительную формулу. Говоря об этой воспитательной формуле, мы решили привести пословицу нашего просветителя Абая: «Хорошие качества человека не зависят от происхождения, а от воспитания, мудрости, образования. На характер человека влияют три категории людей: родители, учителя, друзья. Особенно, велико влияние того человека, которого любят больше всего». В этих словах подчеркивается важность воспитания и окружающей среды среди трех факторов, способствующих становлению человека. А формула воспитания «патриотической личности»: это «воспитание, окружающая среда и происхождение ребенка (наследственность)». Следовательно, очень важно сосредоточиться на воспитании ребенка и его окружающей среде. Этот воспитательный процесс начинается с семьи. Очень актуально, начиная со дня рождения ребенка говорить в семье на родном языке. На каком языке говорит человек, на том языке он думает, понимает и становится сознательным сочувствующим этому языку. Говоря на родном языке, мы постепенно впитываем в себя традиции и обычаи казахского народа.

В статье рассматривается несколько направлений духовной модернизации национального воспитания в высших учебных заведениях, это: воспитательные мероприятия, научные работы, статьи и проекты.

**Ключевые слова:** национальное воспитание, модернизация общественного сознания, система образования, ценности, высшее учебное заведение, история, воспитательные мероприятия, научные работы.

**Abstract:**The article describes the importance of spiritual revival based on national education. At the same time, great importance is attached to the program "RukhaniZhangyru" in this work. If there are specific formulas for solving each problem in the exact sciences, then an approximate formula can also be made for the education of a "patriotic personality" who loves his country and native land. Speaking about this educational formula, we decided to quote the proverb of our educator Abai: "Good qualities of a person do not depend on origin, but on upbringing, wisdom, education. A person's character is influenced by three categories of people: parents, teachers, friends. Especially, the influence of the person who is loved the most is great." These words emphasize the importance of education and the environment among the three factors contributing to the formation of a person. And the formula for the education of a "patriotic personality": this is "upbringing, environment and the origin of the child (heredity)". Therefore, it is very important to focus on the upbringing of the child and his environment. This educational process begins with the family. It is very important, starting from the day of the child's birth, to speak in the family in their native language. In what language a person speaks, in that language he thinks, understands and becomes a conscious sympathizer of this language. Speaking in our native language, we gradually absorb the traditions and customs of the Kazakh people.

The article discusses several areas of spiritual modernization of national education in higher educational institutions, these are: educational activities, scientific works, articles and projects.

**Keywords:**national education, modernization of public consciousness, education system, values, higher education institution, history, educational activities, scientific works.